

# МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

## Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	021
Жинақтағы беттері	92-95
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 330.354
Секция	Секция IV. I Жұмысшы кәсіптері-экономикалық өсу мен дамудың драйверлері // Рабочие профессии - драйверы экономического роста и развития
Автор(лар)	Бөрібай Бибісұлу Бөрібайқызы
Мәртебесі	Студент
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, э.ғ.м., аға оқытушы Бактиярова А.Ж.
Мақала атауы	АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНДЕГІ РӨЛІ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

инвестициялық тәуекелдерді арттырады”, 2021.

13. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. (2023).
14. Чарльз Понци- Ponzi’s Scheme: The True Story of a Financial Legend (1920).
15. Фред Швед- “Where Are the Customers’ Yachts?” (1940).
16. Pew Research Center- Social Media Trends and Financial Decision-Making Among Young Adults (2023).
17. Даниэль Канеман -Thinking, Fast and Slow (2011).
18. Ричард Талер- Improving Decisions About Health, Wealth, and Happiness (2008).
19. Леон Фестингер- A Theory of Social Comparison Processes (1954).
20. Freelancer.com (2023).
21. Statista (2023).
22. Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігі. (2023)

**ӘОЖ 330.354**

## **АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНДЕГІ РӨЛІ**

**Бөрібай Бибісұлу Бөрібайқызы**

[bibisulu.boribay@narhoz.kz](mailto:bibisulu.boribay@narhoz.kz)

«Экономика және Менеджмент» мектебінің 2 курс студенті  
Нархоз университеті, Алматы қ, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, э.ғ.м., аға оқытушы Бактиярова А.Ж.

**Кіріспе.** Қазақстан экономикасының соңғы онжылдықта шикізаттық секторға деген тәуелділігі жоғарыламаса төмендемеді. 2009 жылдан бастап мұнайға негізделген өсім жалғасып келе жатқанымен, сапалық өсудің болмауы экономикаға теріс әсер етуде. Экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу үшін әртараптандыру, адами капитал мен инвестициялардың рөлін күшейту қажеттілік тудыратыны тағы бар. Жұмыс күшінің жетіспеушілігі, аймақтар бойынша теңсіздік, инновация мен инвестициялардың аздығы экономикалық өсудің сапасына кері әсер етуде. Қазақстанда ЖІӨ жыл сайын өсіп отырғанымен, халықтың өмір сүру деңгейі мен әлеуметтік жағдайына қатысты сапалық көрсеткіштер артта қалып келеді. Мемлекет білім беру, денсаулық сақтау, ғылым және технология салаларын дамыту үшін түрлі бағдарламалар жүзеге асырып жатыр, алайда олардың тиімділігі төмен. Адами капиталды дамыту мен сапалы экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін білім беру жүйесін реформалау, еңбек нарығының сұранысына бейімделу, инвестицияларды тарту және өңірлердегі теңсіздікті жою маңызды.

### **1.Қазақстан экономикасының сапалық өсуін қамтамасыз ету мәселелері**

Экономикалық өсу сандық және сапалық тұрғыда бағаланады. Қазақстанда ЖІӨ-нің өсуі байқалғанымен, сапалық көрсеткіштер әлі де төмен деңгейде қалып отыр. Бұған негізгі себеп – еңбек нарығы мен адами капиталдың даму деңгейінің төмендігі. Экономиканың сапалы өсуі дегеніміз – халықтың өмір сүру деңгейінің артуы, инновациялық өндіріс салаларының дамуы және еңбек өнімділігінің көтерілуі. Қазақстандағы экономикалық саясат негізінен шикізаттық секторға бағытталғандықтан, өңдеуші өнеркәсіп, жоғары технологиялық секторлар тиісті деңгейде дамымай отыр. Сонымен қатар халық табысының тең бөлінбеуі, аймақтар арасындағы әлеуметтік теңсіздіктер экономикалық өсімге кедергі келтіруде[1].

Қазақстан экономикасының сапалық өсуін тежейтін негізгі факторлардың бірі – еңбек нарығындағы теңсіздік. Жоғары білікті мамандардың тапшылығы, олардың көпшілігінің ірі қалаларға шоғырлануы, ал аймақтарда еңбек ресурстарының жеткіліксіздігі елдің экономикасына теріс әсер етеді. Әсіресе солтүстік және батыс аймақтарда білікті кадрлардың тапшылығы байқалады, ал оңтүстік өңірлерде еңбек нарығындағы артық ұсыныс орын алуда. Бұл жағдай халықтың жаппай көшуіне және әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің күшеюіне

алып келуде. Сонымен қатар экономиканың сапалы өсуіне кедергі келтіретін тағы бір фактор – инновациялық технологиялардың жеткіліксіз енгізілуі. Қазақстанның ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық (ҒЗТКЖ) салалары дамымаған, ал жаңа технологияларды енгізу деңгейі дамыған елдермен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Мемлекеттік қаржыландырудың жеткіліксіздігі, жеке сектор тарапынан инвестициялардың аздығы бұл саланың тежелуіне себеп болуда. Технологиялық инновациялардың жоқтығы еңбек өнімділігінің өсу қарқынын баяулатып, жалпы экономикалық тиімділікті төмендетуде[2].

Кесте 1 - Қазақстандағы экономикалық көрсеткіштердің динамикасы

Көрсеткіш	2010 ж.	2020 ж.	2023 ж.
Жан басына шаққандағы ЖІӨ (мың \$)	10.5	11.3	13.0
Орташа айлық жалақы (мың тг)	98	187	250
Еңбек өнімділігі (ЖІӨ/еңбекке жарамды халық)	46%	54%	58%
<b>Ескерту.</b> Кесте ресми статистикалық деректер мен ғылыми зерттеулер негізінде құрастырылған.			

Бұл көрсеткіштерден халық табысының артқаны байқалғанымен, нақты өмір сапасына оң әсер етпегенін көруге болады. Қазақстанда халықтың бір бөлігінің табысы айтарлықтай жоғары болса, аймақтарда халықтың басым көпшілігі төмен жалақымен күн көруде. Сонымен қатар орташа айлық жалақының артуы инфляцияның жоғары қарқынымен қатар жүріп, халықтың нақты табысының артуын тежейді. 2023 жылы инфляция деңгейі 14%-ға жеткені белгілі, бұл орташа жалақының сатып алу қабілетіне теріс әсер етті. Сапалық экономикалық өсуге қол жеткізу үшін адами капиталдың сапасын жақсарту қажет. Ол үшін білім беру мен денсаулық сақтау салаларына инвестицияны ұлғайту, еңбек нарығының қажеттіліктеріне сай мамандар даярлау және аймақтық теңсіздікті жою шараларын күшейту маңызды. Қазақстанда білім беру жүйесін реформалау, техникалық мамандықтарға басымдық беру, жоғары технологиялық секторларды дамыту сапалы экономикалық өсудің негізгі бағыттары болуы тиіс[3].

## 2. Адами капиталдың экономикаға әсері

Адами капиталдың негізгі көрсеткіштері білім беру, денсаулық сақтау және инновациялық қабілетпен өлшенеді. Қазақстанда ІТ саласына бөлінетін гранттар саны артқанымен, нақты өндірісте жұмыс істейтін мамандар саны жеткіліксіз. Шетелдік инвесторлар жоғары технологиялық өндірістерді ашу үшін білікті кадрлардың тапшылығын басты кедергі деп есептейді.

Кесте 2 - Өнеркәсіп салалары бойынша өндіріс көлемінің өзгеруі

Көрсеткіш	Қазақстан	Германия	АҚШ
ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын қаражат (% ЖІӨ)	0.13%	2.9%	3.2%
Инновациялық стартаптар саны	320	12 500	45 000
ЖОО бітірушілерінің мамандық бойынша жұмысқа орналасуы (%)	62%	85%	91%
<b>Ескерту.</b> Кесте ресми дереккөздер мен ғылыми зерттеулер негізінде құрастырылған.			

Бұл кестеден Қазақстанның инновациялық және ғылыми-зерттеу салаларындағы артта қалуы анық байқалады. ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын қаражаттың төмендігі, инновациялық стартаптардың аздығы елдің технологиялық даму деңгейінің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Бұл өз кезегінде еңбек өнімділігінің төмен болуына және экономиканың шикізаттық бағытта қалуына ықпал етеді. Ал Германия мен АҚШ-тың көрсеткіштері жоғары, себебі олар ғылыми

зерттеулерге басымдық беріп, адами капиталды дамытуда жүйелі саясат жүргізуде. Қазақстандағы білім беру жүйесінің еңбек нарығымен байланысы әлсіз. Кадр тапшылығын жою үшін мемлекет білім беру жүйесін қайта қарастыруы қажет. Сонымен қатар еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие техникалық және инженерлік мамандықтарға басымдық беру керек. Қазақстанда жоғары оқу орындарының түлектері мамандықтарына сәйкес жұмысқа орналаса алмауы жиі кездеседі. Бұл білім беру жүйесінің еңбек нарығының қажеттіліктеріне сай келмеуінен туындайды. Сондықтан кәсіптік-техникалық білім беру мен дуалды оқыту жүйесін дамыту маңызды болып отыр. Сондай-ақ, елдегі инновациялық әлеуетті арттыру үшін ғылым мен бизнестің өзара ықпалдастығын күшейту қажет. Оған қоса денсаулық сақтау саласындағы көрсеткіштер де адами капиталдың сапасына әсер етеді. Мысалы: Қазақстанда медициналық қызмет сапасы өңірлер бойынша тең бөлінбеген, бұл халықтың еңбекке қабілеттілігіне әсер етуде. Орташа өмір сүру ұзақтығы 73 жас болса, бұл көрсеткіш дамыған елдермен салыстырғанда төмен деңгейде. Тиісінше еңбек ресурстарының тиімділігін арттыру үшін медициналық қызмет сапасын жетілдіру қажеттілік тудырады[5].

### **3. Қазақстан экономикасына диверсификациясының қажеттілігі**

Қазіргі таңда Қазақстан экономикасы шикізаттық секторға тәуелділігінен арыла алмай отыр. Өңдеуші өнеркәсіптің үлесі ЖІӨ құрылымында төмен деңгейде. Мысалы: 2023 жылғы деректерге сүйенсек, өңдеуші өнеркәсіптің үлесі небәрі 11,3% ғана құрады, ал мұнай-газ секторының үлесі 35%-дан астам болды. Бұл Қазақстан экономикасының құрылымдық тұрақсыздығын көрсетеді. Мұнай бағасының өзгеруіне байланысты ЖІӨ өсімі мен мемлекеттің кірістері де құбылып отырады. Сондықтан экономиканы әртараптандыру маңызды мәселеге айналып отыр.

Кесте 3 - Қазақстан экономикасының секторлар бойынша құрылымдық өзгерістері

<b>Экономика секторлары</b>	<b>2010 ж. үлесі (%)</b>	<b>2023 ж. үлесі (%)</b>
Мұнай-газ секторы	40	35
Өңдеуші өнеркәсіп	9.5	11.3
Қызмет көрсету саласы	45	48
<b>Ескерту.</b> Кесте ресми дереккөздер мен ғылыми зерттеулер негізінде құрастырылған.		

Көрсеткіштерге сүйенсек, мұнай-газ секторында үлестің төмендегені байқалғанымен, ол әлі де экономиканың басым бөлігі болып қала береді. Өңдеуші өнеркәсіптің үлесі 2010 жылдан бері айтарлықтай артпаған, бұл оның дамуына жеткілікті инвестицияның салынбағанын немесе мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіз екенін білдіреді. Қызмет көрсету секторының үлесі аздап артқанымен, оның негізгі бөлігі сауда, қаржы қызметтері және көлік-логистикамен шектеліп отыр. Жоғары технологиялық қызметтер мен ғылыми-зерттеу жұмыстары бұл салада айтарлықтай дамымаған[3].

Экономиканы әртараптандыру үшін білікті кадрлар мен инновациялық технологиялар қажет. Қазақстанда IT саласына гранттардың көп бөлінуіне қарамастан, жоғары технологиялық өндірістерге қажетті мамандар жетіспейді. Мысалы елімізде қарапайым чип өндірісі мүлдем дамымаған, бұл отандық электроника және машина жасау секторларының әлсіздігін көрсетеді. Қазақстанда өндірістік технологиялардың даму деңгейі төмен болғандықтан, жергілікті компаниялар шетелдік технологияларға тәуелді болып отыр. Сонымен қатар IT қызметтерінің негізгі платформалары шетелдік компанияларға тиесілі. Оған тағы бір дәлел іздеу жүйелері мен такси қызметтері бойынша Яндекс – Ресей компаниясы, ал ірі әлеуметтік желілер мен деректерді өңдеу қызметтері негізінен АҚШ пен Қытай компанияларының иелігінде. Бұл жергілікті технологиялық компаниялардың бәсекеге қабілеттілігінің төмен екенін көрсетеді. Жоғары технологиялық секторларды дамыту үшін Қазақстанға өндірістік инновацияларға инвестиция тарту қажет. Сондай-ақ, кәсіпкерлікті қолдау шаралары күшейтіліп, отандық компанияларға бәсекеге қабілетті экожүйе

қалыптастыруға жағдай жасалуы тиіс. Егер бұл бағытта нақты қадамдар жасалмаса, Қазақстанның экономикалық өсу қарқыны бәсеңдеп, елдің жаһандық нарықтағы позициясы әлсіреуі әбден мүмкін.

#### 4. Инвестиция мен технологияның маңызы

Экономиканы дамытудың негізгі факторы – инвестиция. Қазақстанда инновацияға бағытталған инвестициялар әлі де жеткіліксіз. 2023 жылы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) бөлінген қаражат ЖІӨ-нің небәрі 0.13%-ын құрады, бұл дамыған елдермен салыстырғанда өте төмен көрсеткіш. Инвестицияның жетіспеушілігі технологиялық дамудың баяулауына, өнеркәсіптік инновациялардың әлсіздігіне және ғылыми жаңалықтардың аздығына алып келуде.

Кесте 4 - Шетелдік инвестициялардың негізгі бағыттары мен көлемі

Көрсеткіш	Қазақстан	АҚШ	Германия
ҒЗТКЖ шығындары (% ЖІӨ)	0.13	3.2	2.9
Өнеркәсіптік инновациялар деңгейі	Төмен	Жоғары	Жоғары
Жаңа технологияларды енгізу қарқыны	Баяу	Жылдам	Жылдам
<b>Ескерту.</b> Кесте ресми дереккөздер мен ғылыми зерттеулер негізінде құрастырылған.			

Мемлекет жыл сайын ғылымға миллиардтаған қаржы бөліп жатқанына қарамастан, бұл қаражаттың тиімділігі төмен. Ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобалардың коммерциялануы әлсіз, бұл олардың экономикалық өсімге ықпалын азайтады. Қазақстандық стартаптардың халықаралық нарыққа шығу мүмкіндігі шектеулі, себебі оларға венчурлық капитал мен стратегиялық серіктестер жетіспейді. Сонымен қатар отандық технологиялық өнімдердің тапшылығы – инвестицияның әлсіздігінен туындаған тағы бір мәселе. Мысалы: ІТ саласына бағытталған гранттардың көбеюіне қарамастан, Қазақстанда әлі күнге дейін өз технологиялық өнімдерін шығаратын мамандар жеткіліксіз. Бұл, әсіресе, бағдарламалық жасақтама, деректерді өңдеу, жасанды интеллект және электроника өндірісі салаларында байқалады. Көптеген қазақстандық ІТ компаниялар аутсорсингтік қызметтермен шектеліп, өздерінің бәсекеге қабілетті технологияларын жасауға қажетті инвестиция мен қолдау ала алмай отыр. Сондықтан білікті шетелдік мамандарды тарту қажеттілігі туындауда. Бірақ бұл мәселені кешенді түрде шешу үшін білім беру жүйесін реформалау, ғылыми зерттеулерге инвестиция тарту және инновациялық кәсіпорындарды қолдау шараларын күшейту қажет. Қазақстан ғылым мен технологияға инвестицияны арттырмайынша, жаһандық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін жоғалту қаупі жоғары[4].

#### Ұсыныстар.

Адами капиталдың Қазақстан экономикасының өсуіне тигізетін әсері зор. Елдегі экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін:

- Білім беру жүйесін реформалау және кадрларды нақты еңбек нарығына бейімдеу;
- Ғылым мен инновацияны дамытуға бағытталған инвестицияларды арттыру;
- Аймақтар арасындағы теңсіздікті азайту үшін мемлекеттік қолдау шараларын енгізу;
- Өндірістік кәсіпорындар мен инновациялық технологияларға инвестиция тарту қажет;
- Инновациялық кәсіпкерлікті қолдайтын экожүйе қалыптастыру;
- Денсаулық сақтау саласына инвестицияны көбейтіп, еңбек ресурстарының сапасын арттыру қажет.

Тек осындай шаралар арқылы Қазақстан өз экономикасын әртараптандырып, сапалы экономикалық өсімге қол жеткізе алады.

**Қорытындылай келе,** Қазақстан экономикасының тұрақты дамуында адам капиталы шешуші рөл атқарады. Елімізде адами капиталды дамыту экономикалық өсімнің маңызды факторы болып табылады. Өйткені, заманауи экономикада табиғи ресурстардан гөрі,